

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің ғылым және
стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

» 10 2023ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ

**ЖҰМЫС НҰСҚАУЫ
ЖН-СМЖ-025-2023**


**ПАТЕНТТЕУ ЖӘНЕ ӨНДІРІС ОРЫНДАРЫ МЕН БАЙЛАНЫС
ОРНАТУ СЕКТОРЫ БОЙЫНША ЖҰМЫС НҰСҚАУЛЫҒЫ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Коммерцияландыру офісімен ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Әзірлеген – Коммерцияландыру офісі директоры А.Исаков
3. Келісілді – Қаржы департаментінің бас бухгалтері Қ.Төребай
– Заң бөлімінің басшысы Г.Мусаханов
– Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының сарапшы жетекшісі А.Бакирова
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2023 ж.
5. Тексеру мерзімі – 2025 ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Түркістан



Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 2 – беті

1. Қолдану саласы

1.1 Осы нұсқаулық, университеттің білім алушылары және қызметкерлерінің ғылыми қызметі аясында жасалатын ЗҚН-не қорғау құжатын алу, құқықтық қорғау және пайдалануды қамтамасыз ету бойынша жұмыс тетігін айқындайтын құжат болып табылады. Бұл нұсқаулықты қолдану және орындау университеттің барлық құрылымдық бөлімдері үшін міндетті болып табылады.

2. Нормативтік сілтемелер

2.1 Бұл нұсқаулық университет Жарғысы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

2.2 Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы;

2.3 Қазақстан Республикасының «Патент» Заңы;

2.4 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің патенттік-лицензиялық саясаты туралы ережесі;

2.5 Қазақстан Республикасының «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы» Заңы;

2.6 Осы нұсқаулықта анықталмаған мәселелер университеттің тиісті ішкі ережелерімен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

3. Атаулар, шартты белгілер және қысқартулар

Осы Ережеде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет - Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Нұсқаулық - зияткерлік қызмет нәтижесіне қорғау құжатын (патент) алу бойынша жұмыс нұсқаулығы;

Қызметкер - университетпен еңбек қатынасында тұрған тұлға;

Құрылымдық бөлімдер – университеттің департаменттері, ғылыми-зерттеу институттары, ғылыми-зерттеу орталықтары, факультеттері, кафедралары, коммерцияландыру офисі;

ҰЗМИ – Ұлттық зияткерлік меншік институты;

ОПҚ – оқытушы профессорлар құрамы;

Автор - шығармашылық еңбегімен ЗҚН-не қол жеткізген тұлға;

Бірлескен авторлар - бірлескен шығармашылық жұмыстың нәтижесінде ЗҚН дайындаған тұлғалар;

Білім алушылар - студенттер, магистранттар, резиденттер, докторанттар;

Қызметтік ЗҚН - қызметкер өзінің еңбек міндеттерін немесе жұмыс берушінің нақты тапсырмасын орындауға байланысты жасаған, сондай-ақ қызметкер университеттің ақшалай, техникалық немесе басқа материалдық құралдарын пайдалана отырып жасаған кез-келген ЗҚН;

Қорғау құжаты - өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге және пайдалы модельдерге, Заңға сәйкес берілген патенттер;

Өнеркәсіптік үлгі - сыртқы түрін айқындайтын, өнеркәсіптік немесе қолөнер кәсібі өндірісі бұйымының көркем-конструкторлық шешімі;

Өнертабыс – өнімге, әдіске, сондай-ақ белгілі өнімді немесе әдісті жаңа мақсатта немесе жаңа өнімді белгілі бір мақсатта қолдануға жататын кез келген саладағы техникалық шешімдер өнертабыс ретінде қорғалады;

Пайдалы модель - құрылымына жататын зияткерлік құқықтардың өнертабысқа ұқсас материалдық емес объектісі (техникалық шешім);

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 3 – беті

ЗҚН – зияткерлік қызмет нәтижесі;

Патент - зияткерлік меншік жөніндегі уәкілетті орган беретін қорғау құжаты;

ЗҚН коммерцияландыру – ЗҚН-не айрықша құқықтар беру, пайдалану және бас тарту, сонымен қатар осындай қызмет үшін құрылған кәсіпкерлік субъектілерін құруға қатысу бойынша ЗҚН пайдалану процесі;

4. Нұсқаулықтың мақсаты

4.1 Нұсқаулықтың негізгі мақсаты, университет қызметкерлері, ОПҚ мен білім алушыларының шығармашылық әлеуетін дамыту және қызметтік ЗҚН-н жасауды ынталандыру, сонымен қатар университеттің ғылыми, ғылыми-өндірістік және білім беру қызметі барысында жасалған ЗҚН-нің бәсекеге қабілеттілігін, инвестициялық тартымдылығын және тиімді коммерциялануын қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау, ЗҚН-н жасау қатысушыларының патентке өтінім беруден бастап, патент алып оны ары қарай өндіріске енгізуге дейінгі жұмыс тетіктерін реттеу болып табылады.

5. ЗҚН-н жасау процесінің қатысушылары

- 5.1 Университет ОПҚ-ы;
- 5.2 Білім алушылары;
- 5.3 Қызметкерлері;
- 5.4 Патенттеу бойынша маманы.

6. ЗҚН-не қорғау құжатын алу жұмыстарының процесі

6.1 Авторлар ЗҚН-не қорғау құжатын алуға өтінім тапсырғанда патенттік жобаның (пайдалы модель, өнертабыстық, өнеркәсіптік үлгі) толық сипаттамасын, рефератын, формуласын, авторлардың қосымша жеке мәліметтерін электронды және қағаз түрінде ұсынады;

6.2 Патенттеу бойынша маман ЗҚН-не қорғау құжатын алуға өтінімдерді эксперттік топ мүшелеріне жеке-жеке қызмет хат арқылы хабарлама жібереді;

6.3 Патентке өтінімді қабылдау үшін эксперттік топтан қызмет хат арқылы (нұсқаулықтың 1 қосымшасы) өтінім туралы пікір және қызмет хатқа қосымша зияткерлік меншікке жататын мәліметтерді жария етпеу туралы міндеттеме (нұсқаулықтың 2 қосымшасы) алынады;

6.4 Университет есебінен ЗҚН-не авторлық және мүліктік құқықтарды тіркеудің сәйкес немесе сәйкес еместігі туралы, эксперттік топтың оң немесе теріс пікіріне байланысты шешімімен қабылданады;

6.5 Эксперттік топтың пікірлеріне сәйкес оң шешім алған өтінімдер университет атынан ҰЗМИ-на электронды түрде жіберіледі;

6.6 Патенттеу бойынша маман университет атынан сенімді өкілі ретінде сенімхат арқылы ҰЗМИ-на құжаттарды электронды түрде жібереді;

6.7 Өтінім қабылданғаннан кейін, ҰЗМИ-нан өтінімді қабылдау және ресми сараптама жүргізуге төлем хабарламасы келеді;

6.8 Ресми сараптама жүргізілгеннен кейін оң шешім алған өтінімге ҰЗМИ-нан эксперттік сараптамаға төлем хабарламасы жіберіледі;

6.9 Эксперттік сараптамадан кейін патент беру туралы шешім қабылданғаны туралы хабарланады, төлем ҰЗМИ-ның хабарламасында көрсетілген талапқа сәйкес, төлем жүзеге асырылады;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 4 – беті

6.10 Заңды тұлғаларға мемлекеттік қызметті төлеуді корпоративтік карт-шот бойынша жүзеге асыру қажет, егер корпоративтік карт-шот болмаған жағдайда жеке тұлғаның карт-шоты арқылы төлем төлеуге жол беріледі;

6.11 Патент беру туралы шешім қабылданғанда төлемді автор екінші деңгейлі банк карточкасы арқылы төлеген жағдайда, университет авторға төлемді қайтаруға міндеттеледі;

6.12 Патент алынғаннан кейін университет тарапынан қорғау құжатының күшін сақтау үшін әр жылға төлем жасалынады;

6.13 Төлемдер қызмет хат арқылы төлем хабарламасы келгеннен кейін, университет басшыларының келісімімен бухгалтерия бөлімінен төленеді;

6.14 Авторлар патент алынғаннан кейін университет басшысының атына марапаттауға өтініш жазады, өтінішке сәйкес патенттеу бойынша маман қызмет хат арқылы авторларды марапаттауға ұсынады;

6.15 Алынған патенттерге талдау жасап, бірлесе жұмыс жасау мақсатында кәсіпкерлерге, инвесторларға патенттер портфелін ұсынады және лицензиялық шарт негізінде жұмыс жасау үшін барлық мүмкіндікті қарастырады;

6.16 Барлық жасалынатын ғылыми зерттеу жұмыстары және ЗҚН университет меншігінде жүргізілгендіктен, университет патент иеленушісі болып табылады.

7. Патенттеу бойынша маманның қызметі мен міндеті

7.1 Зияткерлік меншік саласында ОПҚ-на, білім алушыларға, қызметкерлерге ақпарат және кеңестер беру;

7.2 Авторлардан ЗҚН-н жасау фактісі туралы белгіленген нысанда хабарлама алу, өтінімдерін қабылдау;

7.3 ЗҚН-н тіркеуге берілетін өтінімдерге қажетті құжаттарды қабылдау;

7.4 ЗҚН-н тіркеуге берілетін өтінімдердің техникалық қорғау талаптарына сәйкестігін және патентке қабілеттігін тексеру мақсатында, патенттік зерттеу жүргізу;

7.5 Зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік топқа ЗҚН өтінімдерінің құжаттарын жіберу және пікірлерін алу;

7.6 Зияткерлік меншік жөніндегі эксперттік топтың шешіміне сәйкес, өтінімдерді Ұлттық зияткерлік меншік институтына жіберу;

7.7 Патентке төлем құжаттарын қызмет хат арқылы уақытылы іске асыру;

7.8 Төлемдер жасалғаннан кейін қызмет хат көшірмесін және төлем хабарламасын алып коммерцияландыру офисінің зияткерлік меншік бойынша қорғау құжаттарының папкасына қосу және электронды түрде сақтау;

7.9 Авторларды патенттік қорғау құжаты келген соң қызмет хат арқылы Өкілетті кеңестің шешімімен марапаттауға ұсыну;

7.10 Коммерцияландыруға әлеуеті бар патент авторларымен ЗҚН-н коммерцияландыру туралы келісім-шарттар жасау;

7.11 Алынған патенттерге талдау жасап, бірлесе жұмыс жасау мақсатында кәсіпкерлерге, инвесторларға патенттер портфелін ұсыну.

8. Авторлардың қызметі мен міндеті

8.1 Идея пайда болғаннан бастап ЗҚН-н жасау фактісі туралы белгіленген нысанда коммерцияландыру офисіне хабарлама беру;

8.2 Патент алу үшін коммерцияландыру офисіне өтінім (қажетті құжаттармен қоса) беру;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		8 беттің 5 – беті

8.3 ЗҚН-н мемлекеттік тіркеу үшін, ЗҚН авторы, бірлескен авторлар туралы барлық қажетті ақпараттарды беру;

8.4 Патент беру туралы шешім қабылданғанда қорғау құжатын алуға ҰЗМИ-ның хабарламасында көрсетілген талапқа сәйкес төлемді төлеу;

8.5 Патент беру туралы шешім қабылданғаннан кейін, патент авторларын марапаттау үшін университет басшысының атына өтініш жазу;

8.6 Қызметтік ЗҚН жасағанда университет құқықтарын мойындау және дау тудырмау;

8.7 Коммерцияландыруға әлеуеті бар ЗҚН коммерцияландыру туралы университетпен келісім-шартқа отыру;

8.8 Алынған патенттерді коммерцияландыру жобасы ретінде ұсыну және өндіріс орындарына енгізу бойынша жұмыстарды ұйымдастыру.

9. Эксперттік топтың қызметі мен міндеті

9.1 Университет қызметкерлерінен тұратын, бұйрық негізінде жұмыс атқаратын эксперттік топ құрамы жасакталады;

9.2 Эксперттік топ ЗҚН-не патент алуға арналған өтінімдерді қарайды және әр өтінім бойынша жеке тарапсыз пікірін білдіреді;

9.3 Патент алуға ұсынылған барлық өтінімдерге пікір білдіру кезінде басты талап ЗҚН-нің коммерцияландыру мүмкіндігі ескеріледі;

9.4 ЗҚН-не қатысты ақпараттар туралы және өтінім нәтижелерінің құпия (ноу-хау) режимін қатаң түрде сақтайды;

9. ЗҚН-не берілген өтінімдерге пікірді 3 жұмыс күні ішінде береді.

10 Жауапкершілік

10.1 Осы нұсқаулық талаптарының енгізілуіне Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры жауапты болып табылады. Ұйымдастыру жұмыстарымен университеттің барлық құрылымдық бөлімдері айналысады.

10.2 Осы нұсқаулық талаптарын орындамаған немесе сол талаптардың орындалуын камтамасыз етпеген жағдайда құрылымдық бөлімдердің бірінші басшылары әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

КЕЛІСІЛДІ:

Қаржы департаментінің бас бухгалтері

Заң бөлімінің басшысы

Стратегиялық даму, рейтинг, комплаенс бақылау және сапа орталығының жетекші сарапшысы

Қ. Төребай

Г. Мусаханов

А. Бакирова

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 6 – беті

Зияткерлік қызмет нәтижесіне қорғау құжатын (патент) алу бойынша жұмыс нұсқаулығының 1 қосымшасы

Қ.А. Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университеті

Қызмет хат

Ұлттық зияткерлік меншік институтына зияткерлік қызмет нәтижесіне (бұдан әрі - ЗҚН) қорғау құжатын (патент) алу үшін ұсынылып отырған _____ атты (пайдалы модель, өнертабыстық, өнеркәсіптік үлгі) үлгінің университет есебінен ЗҚН авторлық және мүліктік құқықтарды тіркеудің сәйкес немесе сәйкес еместігі туралы және коммерциялану әлеуетін анықтау мақсатында эксперттік топ мүшесі ретінде пікіріңізді (өзектілік, тиімділік, тәжірибеде қолдану, жүзеге асыру, нәтижелік және т.б.) беруіңізді сұраймын.

Қосымша;

1. (Пайдалы модель, Өнертабыстық, Өнеркәсіптік үлгі) үлгінің елеулі белгілерінің тізбесін қамтитын жалпы сипаттамасы
2. (Пайдалы модель, Өнертабыстық, Өнеркәсіптік үлгі) үлгінің формуласы
3. (Пайдалы модель, Өнертабыстық, Өнеркәсіптік үлгі) үлгінің сызбасы

**Коммерцияландыру
офисінің директоры**

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 7 – беті

Зияткерлік қызмет нәтижесіне қорғау құжатын (патент) алу бойынша жұмыс нұсқаулығының 2 қосымшасы

Зияткерлік меншікке жататын мәліметтерді жария етпеу туралы
МІНДЕТТЕМЕ

Мен _____, зияткерлік меншік мәселесі бойынша эксперттік топ мүшесі ретінде, өтінімді қарау кезінде міндеттеме аламын;

1. Маған сеніп тапсырылатын немесе жұмысы арқылы белгілі болатын университеттің (автордың) зияткерлік меншік құпиясын құрайтын мәліметтерді жария етпеуге;
2. Университеттің (автордың) авторлық құқық құпиясын құрайтын ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеу және жария етпеуге;
3. Маған қатысты Зияткерлік меншік құпиясының (құпияларының) сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі бұйрықтардың, жарлықтардың, нұсқаулықтар мен ережелердің талаптарын орындауға;
4. Рұқсат етілмеген тұлғалар менен зияткерлік меншік құпиялары туралы ақпарат алуға әрекет жасаған жағдайда, бұл туралы дереу патенттеу бойынша маманға немесе коммерцияландыру офисінің басшысына хабарлауға;
5. Зияткерлік меншікке қатысы бар өтінім авторларының құпиясын сақтауға;
6. Осы құпияны білуді, бәсекелестік әрекет ретінде университетке (авторға) зиян келтіруі мүмкін кез келген қызметпен айналысу үшін пайдаланбауға;
7. Маған берілген құжаттардың (қолжазбалар, нобайлар, сызбалар, магниттік таспалар, дискілер, дискеттер, принтердегі басып шығарулар, кино және фото негативтер, позитивтер, макеттер, материалдар, бұйымдар және т.б.) көшірмесін жасамауға;
8. Эксперттің міндетін толық тәртіппен орындауыма байланысты менің иелігімде болған барлық құжаттарды (қолжазбалар, шимай жазбалар, сызбалар, магниттік таспалар, дискілер, дискеталар, принтерде басып шығарулар, кино және фотонегативтер, позитивтер, модельдер, материалдар, бұйымдар және т. б.) қайтаруға;

Құпия ақпаратты жария етпеу туралы міндеттеме Қазақстан Республикасы заңнамасының мынадай нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		<i>ЖН-СМЖ-025-2023</i>
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 8 – беті

1. ҚР «Азаматтық» кодексінің 9, 126, 1017-1019 баптары (Ашылмаған ақпаратты заңсыз пайдаланудан қорғау құқығы 55-тарау).
2. ҚР «Кәсіпкерлік» кодексінің 28 бабы.
3. ҚР «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексінің 185-бабы 240-бабы.
4. ҚР «Қылмыстық» кодексінің 223-бабы

Жұмыс орны _____

Аты-жөні (Қолы) _____

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		ЖН-СМЖ-025-2023
Сапа менеджментінің жүйесі	Жұмыс нұсқауы	
Патенттеу және өндіріс орындары мен байланыс орнату секторы бойынша жұмыс нұсқаулығы		9 беттің 9 – беті

Ф-ФБ-002/022

Коммерцияландыру офисі
САРАПТАУ ПАРАҒЫ
Өнертабыстық өтінімдер, зияткерлік

Өнертабыстық патентке өтінім аты:	
Өнертабыстың негізгі бағыты:	

	иә	жоқ	түсіндірме*
1. Өнертабыстық материал өз тақырыбын ашып тұр ма?			
2. Өнертабыстық материалда көтерген мәселе өзекті ме?			
3. Өнертабыстық өтінімде модельдің мазмұны жеткілікті дәрежеде айтылған ба?			
4. Өнертабыстық материалда қондырғы конструкциясы айқын берілген бе?			
5. Өнертабыстық өтінімде бұрыннан белгілі қондырғылардың кемшілігі мен ұсынылған модельдің жетістігі айқын көрсетілген бе?			
6. Өнертабыстық өтінімде жақын аналогтарға (прототип) сілтеме жасалынған ба?			
7. Өнертабыстық өтінімде пайдалы модельдің техникалық нәтижелері келтірілген бе?			
8. Өнертабыстық өтінім ғылыми этикаға сәйкес пе?			

* - түсіндірме жазу міндетті

Ескерту: қажет жеріне «√» белгісін қойыңыз

Шешім:

«Өтінімге жарамды»

«Өтінімге жарамсыз»

«Кей жерлерін түзетіп, толықтырған жағдайда өтінімді рәсімдеуге болады»

(қажеттісіне белгі қойыңыз)

Қажеттілік болса, сарапшының ескертпелері (бірақ міндетті емес):

Сараптама жасаған ғалым: _____

(ғыл. дәрежесі, аты-жөні, қолы)

“ ” _____ 20__ ж.